

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен)КММ

Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілу күні: 29 қазан 2021ж
Уақыты: 14:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Куктаева Э.К.
Хатшы: Хамит Д.

Күн тәртібінде:

- 1.«2021-2022 оқу жылының I-тоқсанның білім сапасының мониторингісі».
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:Абдуллина А.Б.
2. « Құқық бұзушылықты алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар.Сынып жетекшілерінің жұмысына мониторинг жүргізу.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :Дүйсембай А.Қ.
- 3.I-тоқсанда жүргізілген әдістемелік жұмыстар бойынша мониторинг.
Директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары:Алмаханова Л.Т.
4. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың түрлері»
Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.
- 5.Психологиялық электронды журналдың маңыздылығы.Мобильді топтың психологиялық мониторингісін жүргізілуін қадағалау.
Мектеп психологы:Ахметова А.С.
- 6.Мектептің әлеуметтік паспортын жүргізілуін қадағалау
Әлеуметтік педагог:Мамбеткулова Ә.К.
- 7.Мектеп-интернаттың жұмысымен таныстыру,бұйрығымен таныстыру.
Интернат меңгерушісі: Хамит Д.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:Абдуллина А.Б. «2021-2022 оқу жылының I-тоқсанның білім сапасының мониторингісі». 2021-2022 оқу жылының I-тоқсан бойынша білім сапасының сараптамасы. I тоқсан қорытындысы бойынша 2021-2022 оқу жылы Барлығы – 482/481 оқушы

Оқу озаттары : 2-4 кластар аралығында – 56 /54 5-9 кл аралығында – 43/34
10-11 кл аралығында – 10/8

Оқу екпінділері : 2-4 кластар аралығында – 39/45 5-9 кл – 78/81 10-11 кл – 9/13

Озат – 109/96, екпінділер – 127/135,

барлығы – 235/235 озаттар мен екпінділер саны, білім сапасы – 64% / 56%

2а – 66%, 2ә- 52%, 2б- 82%, 3а- 63/58 -5% , 3ә- 69/67 -2%, 3б- 46, 4 а -64/61 -3%, 4ә -68/61 -7%, 5а - 60/53 -7%, 5ә -63%,6 а- 62/58 -4%,6 ә – 54/50 -4%,7а -67/60-7%,7ә -59/40-19%,8а-71/50-21%, 8ә 58/23-35%,9а-65/63 -2%,9ә – 61/56 - 5%,10-63/54 -9%,11-58/64 +6%.

БІР ПӘНЕН «3»КЕ, «4»КЕ ШЫҚҚАНДАР: 5А Алмас Томирис Қазақ тілі Жанұзакова Т.З, 5А Жакуда Саяжан Қазақ тілі Жанұзакова Т.З, 5А Орынтаев Мағжан Қазақ тілі Жанұзакова Т.З, 5А Қыдырбеков Дархан Қазақ тілі Жанұзакова Т.З, 6ә Құтдығам М математика Қамысбай А.Р, 8ә Арыстан Сәнді Орыс тілі Казмағанбетова А.С, 8ә Жиенбекова Карина Қазақ тілі Жанұзакова Т.З, 8ә Шалғынбаев Саят Қазақ тілі Жанұзакова Т.З.

Жеке пәндер бойынша сапа көрсеткіш: 3б Ағылшын тілі 46 Сагинова Ұ.К, 8ә Алгебра 41 Токсамбаева Қ.А, 8ә Ағылшын тілі 47 Утегенова Г.У, 8ә Қазақ тілі 47 Жанұзакова Т.З.

2-мәселе бойынша Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :Дүйсембай А.Қ « Құқық бұзушылықты алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар.Сынып жетекшілерінің жұмысына мониторинг жүргізу бойынша баяндады.

8.09.2021 күні Хромтау ауданының ТЖБ бас маманы Оразалин А.К. мен жергілікті полиция қызметі бөлімінің бастығы, полиция майоры Әсет Молдағазыұлы Сағынтаев келіп, 9-10-11 сынып оқушыларына профилактикалық мақсатта кездесу өткізді. Кездесуде қаралған мәселелер:

- ★ Түнгі мезгілде кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің жүру
- ★ Құқықбұзушылық;
- ★ ПМ-ге түсемін деуші түлектерге кеңестер берілді.

2021 жылдың 13-19 қыркүйек аралығында “Жасөспірім” атты жедел профилактикалық іс -шарасы өткізілді. Соған байланысты барлық ата -аналар мен оқушыларға ескертулер жасалды. Кешкі мезгілде оқушылар ұсталған жағдайда, ҚР ӨКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНІҢ 442 бабы 2 бөлімімен жауапкершілікке тартылатындығын және де екінші рет ұсталған жағдайда 442 баптын 3 бөлімімен жауапқа тартылып, сотқа жолданады. Осы хабарлар жеке оқушылар мен ата -аналарға жеткізілді.

29.09.21 күні Қыздар апталығының аясында аудандық «Қызға қырық үйден тыю» атты қыздар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде жиналыстың ашылуын мектеп психологтары Ахметова А.С. мен Мүсірепова А.Т. «Амандасу» тренингімен бастады. Қыздар арасындағы құқықбұзушылық пен зорлық – зомбылық мәселесін аудан прокуратурасының прокурор көмекшісі Елеусизова А.Б. сөз етті. Әйелдерді зорлық – зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Кемерова И.Д. аудандық ішкі істер бөлімінде тұрған оқушылардың статистикасымен таныстырды. Ақтөбе облысы ғылыми-тәжірибе орталығы, психологиялық – әлеуметтік қолдау бөлімінің меңгерушісі Мусиралова Б.О. сөз кезегін алды. Психологиялық – әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскер – психологы, «Аналар мектебі» жетекшісі Жасжанова М.Т. қыздарға онлайн тренинг өткізді.

Ақтөбе облысының аумағында 21-24 қазан аралығында “ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР” атты жедел алдын алу іс-шарасы бастау алды. №7 Хромтау мектеп - гимназиясының аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балалар қатаң бақылауға алынды.

10 қараша күні 8-9 сынып білім алушыларына Хромтау аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Исатай Әмірұлы Ержановпен кездесті. Кездесу барысында өрт қауіпсіздігі ережелері, өрт сөндіру құралдарын таныстырды. Сонымен қатар, сынып жетекшілердің жұмысына талдау жүргізілді.

3-мәселе бойынша Директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары:Алмаханова Л.Т. І-тоқсанда жүргізілген әдістемелік жұмыстар бойынша мониторинг.

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы педагогикалық ұжымының сапалық құрамын талдау

2021-2022 жылының 1 тоқсан басында барлығы 54 мұғалім жұмыс жасайды.

I.Білімі бойынша: Жоғары білімді - 44/81% Арнаулы орта - 10/19%

II.Санаты бойынша: Жоғары санатты – 2/4% I.санатты – 2/4%

Шебер - 1/2% Зерттеуші - 6/11% Сарапшы - 7/13% Модератор - 18/34%. Санаты жоқ - 18/34%

Педагогтардың кәсіби өсуіне келетін болсақ: 54 мұғалім педагогтардың цифрлық құзреттілігін дамыту курсынан өтті, 5 мұғалім базалық курстан өтіп отыр.

Оқу жылының басында әдістемелік жұмыс бойынша жоспарлар құрылып, бекітілді.

Бірлестік жетекшілері, жас мамандар мектебінің жетекшісі, желілік қоғамдастық жетекшісі, сонымен қатар жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып бекітілді.

Педагогтардың санатын көтеру бойынша өткен оқу жылымен салыстырмалы тоқталатын болсам: 2020-2021 оқу жылында 17 педагог аттестатталудан өткен, оның ішінде:

Педагог – зерттеуші – 4

Педагог – сарапшы - 1

Педагог-модератор -14

2021-2022 оқу жылы басында қызыл дипломмен жоғарғы оқу орнын бітіріп келген екі жас маман:

Жақсыкелдина Т.Хамит Д педагог-модератор санатын уақытынан бұрын алып отыр.

Қазіргі таңда : Абдуллина А, Ташигулова З, Есмурзина Л- педагог-зерттеуші, Қамысбай А – педагог-сарапшы, Мурзатаева А – педагог-модератор аттестаттаудың бірінші этапынан өтіп отыр. Әлі де тест тапсыруға үміттеніп отырған педагогтар бар. 1-этап 30 қарашаға дейін жалғасады. Бұл педагогтар тестке дайындық жұмысын өздері жеке сайттар арқылы дайындалып, жұмыстануда. Сонымен қатар әр педагог кәсіби байқауларға, сайыстарға, конференцияларға және өз білімін көтеру мақсатында курстарға қатысып отыр.

Бүгінгі таңда: Педагог-зерттеуші – 6+4

Педагог-сарапшы - 7+3

Педагог – модератор – 18+1

Жылдық жоспарға сай қыркүйек айында мектебіміздің жас мамандарына арналған отырысы өтті. Бұл отырыста жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, жас мамандар мектебінің жетекшісі болып Жекеева Алтынай Шокуловна сайланды. Жас мамандарға лауазылымдылық міндеттері, өздерін ұстау

кағидалары, киім үлгілері, сабаққа күнделікті дайындық, жұмысқа кешікпеу, салғырт қарамау сияқты түсіндірілу жұмыстары жүргізілді. Биыл меткебімізде 12 жас маман жұмыс жасайды.

Қазан айында жас мамандарға «Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман!» атты семинар –практикум өтті. Бастауыш сынып мұғалімі Дүйсенбина Гүлжайна өзінің сабақта қолданылатын әртүрлі әдіс-тәсілдерімен бөлісті, Сонымен қатар жас мамандар мектебінің жетекшісі Алтынай Шокуловна бағалаудың түрлерімен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Семинарға жас мамандар белсене қатысты.

Мектебімізде Lesson study бойынша Жанұзақова Торғын қазақ тілі пәнінен, Кеңес Назерке химия пәнінен, Жетесов Нұртай тарих пәнінен ашық сабақ көрсетті. Бұл жұмысқа 8 «А» сыныбының оқушылары алынып отыр.

Сонымен қатар күзгі демалыс кезінде жас мамандармен I-деңгейлі тренер Ташигулова Зәуре Мергенбаевна «Мінсіз мұғалім. Мұғалім мәдениеті» тақырыбында коучинг өткізді. Коучингте түрлі практикалық жұмыстар жүргізілді. Орыс тілі пәні мұғалімі Казмағамбетова Алмагуль Сеилхановна «Критериалды бағалау» тақырыбында коучинг жүргізіп, бағалау бойынша мұғалімдер өз ойларын ортаға салып талқылау жүргізді.

Жоспарға сай әдістемелік бірлестіктер өз отырыстарын өткізу барысында оқшылықтарды жою, 1-тоқсанның қорытындысы сияқты мәселелердің қолға ала отырып өткізді. Сонымен қатар «Шапағат» желілік қауымдастығының жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімдерімен №5 Хромтау гимназиясының жетекшісі Кәлендір Ә. Zoom платформасы арқылы аудандық семинар-практикум өткізді. Семинар-практикумға Абай НМ, №7 Хромтау мектеп-гимназиясы қатысты. Семинарда Дүйсенбина Г. «Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

4-мәселе бойынша «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың түрлері» бойынша Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары Қ.И. Махамбетов баяндады.

Қыркүйек айында дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспарын және мұғалімнің жеке дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Аудандық 9-10 сынып оқушылары арасында өткізілген «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңіне мектебіміздің оқушылары Қайырбай Еркебұлан, Ідіріс Акерке, Сәндіғали Сәнгүл, Жұмабек Аяулым қатысты. Нәтижесінде «Менің кіші Отанымның тарихы» бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Жұмабек Аяулым алғыс хатпен, «Кіші Отанымның рәмізі» бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Ідіріс Акерке алғыс хатпен, «Менің кіші Отанымның болашағы» бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Қайырбай Еркебұлан алғыс хатпен, 10 сынып оқушысы Сәндіғали Сәнгүл «Менің туған өлкем» бағыты бойынша алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі тарих пәні мұғалімі Жетесов Н.А.

8-10 кл оқушылары арасында өткен Лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне мектебімізден 10 оқушы қатысып, 10 сынып оқушысы Сәндіғали Сәнгүл 3-орынға иеленіп, 11 сынып оқушысы Асылбекова Ақнұр мақтау қағазына ие болды. Жетекшісі: Қамысбай А.Р., Искендірова С.К.

Аудандық «Ақберен» байқауына «Көркемсөз оқу», «Ұлттық аспапта ойнау», «Ақындар мүшәйрасы», «Эссе», «Шешендік өнер» бағыттары бойынша 5 оқушымыз қатысты. Нәтижесінде «Ұлттық аспапта ойнау» бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Жақсылық Мөлдір 3-орынға, Ақындар мүшәйрасы бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Жасағанбергенов Диас 1-орынға ие болды. Облыстық кезеңге өткен «Ақындар мүшәйрасы» бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Жасағанбергенов Диас 3-орынға ие болды. Жетекшісі: қазақ тілі пәні мұғалімі Қалмұратов Ж.С.

4 сынып оқушылары арасында өтетін «Кішкентай білгірлер» атты облыстық интеллектуалдық олимпиаданың аудандық кезеңіне Кадырбеков Дархан, Сағидуллаева Хадиша, Төлебай Асем, Алмас Томирис «Сұңқар» командасы болып топпен қатысып, 2-орынға ие болды. Жетекшілері бастауыш сынып мұғалімдері Укубаева Ы.З., Әлімжанова Ж.Ә.

5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізіліп 32 оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде аудандық кезеңге 11 оқушы ұсынылды.

1-7 сынып оқушылар арасындағы республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарының аудандық кезеңіне 7 сынып оқушысы Аманбай Асылай 1-орынға ие болып облыстық кезеңге жолдама алды.

8-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына 13 жоба тақырыбы берілді. Дегенмен сараптамаға 6 жоба ұсынылып, 3 жобаға өзгерістер енгізілуіне орай алынып тасталды. Олар: география, химия, орыс әдебиеті пәндері бойынша.

Сараптама қорытындысы бойынша 3 жоба қорғауға жіберілді.

7-11 класс оқушылары арасында қазақтың әйгілі күйші-композиторы Қазанғап Тілепбергеноұлының шығармашылығы бойынша өтетін «Үкілі домбыра» атты жас күйшілер байқауының аудандық кезеңіне 11

сынып оқушысы Сәрсенбаев Нұрмұхаммед Берікбайұлы қатыстырылды. Облыстық кезеңде мақтау қағазымен марапатталды.

5-7 класс оқушылары арасында «Туған елің-Қазақстанды жақсы білесің бе?» атты республикалық балалар оқуларының облыстық кезеңіне Жалғасбаева Камила, Асқарова Назерке, Төлебай Инабат, Молдагулова Альбина жолдама алып, ауа райының қолайсыздығына орай облыстық кезеңге қатыса алмады және мақтау қағаздарымен марапатталды. Дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуді одан әрі жандандыру бойынша ұсыныстар берілді.

5-мәселе бойынша. Психологиялық электронды журналдың маңыздылығы. Мобильді топтың психологиялық мониторингін жүргізілуін қадағалау бойынша мектеп психологы Ахметова А.С. баяндады. Жаңа оқу жылында іске қосылған психологиялық журналы туралы айтылды. Психологиялық журнал – әрбір оқушы өзіне мәлім кодымен базағы кіру арқылы психологиялық тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді. Сынып жетекшілер psy-04.kz психологиялық электронды журналдағы берілген тапсырмаларды балалар өз жеке коды арқылы кіріп орындауды қадағалауы қажет екендігі ұсынылды.

Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілі ережесіне сәйкес құрылған мобильді топтың мақсаты - психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру. Бұл бойынша сыныптардағы психологиялық тұрақтылықты сақтау, келеңсіз жағдайлардың алдын-алу, болдырмау мақсатында, туындаған мәселелерді мобильді топқа дер кезінде ұсынып, қарастыру жұмыстары жүйелі жүргізілуі баяндалды.

6-мәселе бойынша. Әлеуметтік педагог: Мамбеткулова Ә.К. «Мектептің әлеуметтік паспортын жүргізілуін қадағалау.» Жалпы бала саны: 492, ұлы: 248, қызы: 244.
Толық отбасы: 416, толық емес: 73, көп балалылар: 84, өгей әкемен: 18, сотталған ата-анамен: 2, Тума-туыстың үйінде тәрбиеленетін: 11, Интернетта : 6, ата-ана қамқорлығынсыз: 1, Жетім бала: 1, Атаулы әлеуметтік көмек алатын – жоқ, Аз қамтылған: 28, Ыстық тамақпен қамтылғандар: 28, Мүмкіндігі шектеулі: жоқ, Мүгедек балалар: 3, Үйден оқытылатын: 1

7-мәселе бойынша. Интернет меңгерушісі: Хамит Д.А. Мектеп-интернаттың жұмысымен таныстыру, бұйрығымен таныстыру.

4. Тәрбиеленушілердің бекітілген сабақ кестесі бойынша сабақ уақытындағы (08:00-14:00 аралығы) өмір және денсаулық қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жүктелсін.

5. Сабақтан тыс уақытта мектеппен бекітілген үйірмелер мен спорт секцияларының кестесі бойынша тәрбиеленушілердің үйірме, спорт секцияларына қатысу уақытында өмір және денсаулық қауіпсіздігі үйірме, спорт секцияларының жетекшілеріне жүктелсін.

Шешім:

1 тоқсан бойынша білім сапасы 56% көрсетіп қанағаттанарлық деп бағалап, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін мониторинг арқылы жұмыс жүйесін жоспарлау.

Ұсыныс:

1. Білім сапасын көтеру мақсатында, тоқсандық қорытындысына сүйене отырып, оқушылармен қосымша жұмыстану жұмысын жүргізу.
2. Төмен көрсеткіш кластар бойынша 2 “ә” кл - 52 %-ке (Изекешова А.М), 3 “б” кл - 46 %-ке (Тлесова А.А), 5 “а” кл - 50% (Мурзатаева А.М), 6 “ә” кл - 50% (Утегенова Г.О), 7 “ә” - 40% (Мамбеткулова А.К), 8 “а” - 50% (Жекеева А.Ш), 8 “ә” - 23% (Тоқсанбаева Қ.А), 10 кл - 54% (Жарқимбаева З.С),
3. Жеке пәндер бойынша 3 “б” кл 46 %-ке (Сагинова Ұ.К ағылшын тілі), 8 “ә” кл - 41 %-ке (Тоқсамбаев Қ.А математика), 8 “ә” кл - 47 %-ке (Утегенова Г.У ағылшын тілі), 8 “ә” кл - 47 %-ке (Жанұзақова Т.З қазақ тілі), төмен пайыз көрсеткен кластар және жеке пән мұғалімдері бақылауға алынып, Әдістемелік бірлестікке қаралсын.

Тәрбие: Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушыларды қатаң бақылауға алу. Мектепшілік үйірмелер мен қосымша сабақтардың жүргізілуін бақылауға алу. Оқушыларға мектепке әкелуге болмайтын заттар туралы, түсіндіру жұмыстарының жүргізілуін күшейту.


Әдіскер: Педагогтар өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісу, баспа бетіне жариялау деңгейін көтеру. Педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуын арттыру.


Дарынды оқушылармен жұмыс: Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі жүргізіп, олимпиадаға оқушылардың дайындығын күшейту.

Психолог: 1. Сыныптардағы психологиялық тұрақтылықты сақтау, келеңсіз жағдайлардың алдын-алу, болдырмау мақсатында, туындаған мәселелерді мобильді топқа дер кезінде ұсынып, қарастыру. 2. Сынып

жетекшілеріне psy-04.kz психологиялық электронды журналдағы берілген тапсырмаларды балалар өз жеке коды арқылы кіріп орындауды қадағалау.

Әлеуметтік педагог: Оқушылардың әлеуметтік жағдайын үнемі бақылауға ала отырып, ата-аналар қоғамдастығымен тығыз жұмыс жасау. Әр сынып жетекшісі білімалушылардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, қадағалау. Ерекше білім алатын оқушылардың мектепшілік үйірмелерге қатысуын қатаң бақылауға алу.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:  Э.К. Культаева

Хатшы:  Хамит Д.

